ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 08 қаңтар №5165-24-00-2/3656 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сайрам ауданының Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ХАНГЕЛДІ»Темиргазиева Ботагоз Аскаровна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Сайрам ауданының Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ХАНГЕЛДІ» Темиргазиева Ботагоз Аскаровнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ХАНГЕЛДІ» Темиргазиева Ботагоз Аскаровнадан мемлекеттің пайдасына 806 (екі мың жеті жүз он алты) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 1870 (бір мың тоғыз сегіз жетпіс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 08.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.02.2025, судья Рүстем Б. М., 15.02.2025

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 08.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.02.2025, судья Рүстем Б. М., 15.02.2025